Ұлттық болмысқа жат мінез-құлықтар

Әр пенденің, әр азаматтың ізгі сүйер байлығы, кіндік қаны тамып өскен - ыстық Отаны, туып өскен жері болады. Сонау көк Түрік бабаларымыздан мирас болып қалған, мұхиттай терең тарихы бар, туған елім - Қазақстан! Менің өлкемнің Каспийден Алтайға дейін созылған, кең жазира даласы бар, сұлу-көркем қаласы бар, кеңпейіл, дана халқы бар, өшпестей алтын тарихы бар - сұлу мекен. Осындай өлмес белестерге жету үшін ұлыларымыз бен батырларымыз қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен ел қорғап, қан мен терді судай төгіп, аңсатар бейбітшілік заманды қайран халқым неше ғасыр сарыла күтті...

1991 жыл, 16 желтоқсан. Қайран елім қазағымның басына тәңірім бақ берді. Әлемнің қақ ортасында "Қазақстан" деген тәуелсіз, бейбіт ел орнады. Алпауыт елдермен тереземіз тең болып, жеріміз күн санап көркейіп келеді. Биылғы жылы аса күткен Тәуелсіз елімізге 32 жыл толады. Осынау біраз уақытта қазағымыз қандай болды? Республикамыз мақтанарлық биік-биік белестерге жеткені сөзсіз, дегенмен, сол баяғы қазақ жұрты қазір қандай? Осындай сұраққа менің бала жүрегімді қытықтар бір жауабым бар. "Қазақ" деген аспанмен таласқан, құлашын кең жайған биік бәйтеректің бір маңызды бұтағы ол - тіл.

Әрбір елдің ана тілі өзге елде емес, өзінің туған мекенінде ғана дамып, өркендей алады. Менің жүрегімде осы мәселе өзінің қоғамдағы өзектілігі мен ақиқатымен жатыр. Өкінішке орай, елімізде қазақ тілін сүйіп, барша әлемге „Бұл менің - Ана тілім"- деп ұрандайтын ұрпақ жоқтың қасы. Міне, дәл осы қасиет - ұлттық болмысқа жат ең үлкен қасірет!

Ата-бабамыз мұра қылып қалдырған Ана тілімізді құрметтеу - әр қазақтың парызы деп есептеймін. „Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!" - деп те даналарымыз бекер айтып кеткен жоқ. Өз еліміздің сенімін ақтап, жарқын болашаққа жетелейтін ол - мына біздер. „Осы бір үлкен ахуал болашақта өз орнын алады" - деген рухты сенім нәзік жүректе мәңгі сақталады. Елдігіміз бен бірлігіміз, туған тіліміз бен еліміз өркендей берсін!